

ISSN 0132 - 6155.

3-л  
тернодики



СЕРИЯ  
ФИЛОЛОГИЧЕСКАЯ

2.2009

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ

# ХАБАРЛАРЫ ИЗВЕСТИЯ

НАЦИОНАЛЬНОЙ АКАДЕМИИ НАУК РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ

З А Л  
ЕРНОДИКИ

**ХАБАРЛАРЫ**

**ИЗВЕСТИЯ**

НАЦИОНАЛЬНОЙ АКАДЕМИИ НАУК  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ТІЛ, ӘДЕБИЕТ СЕРИЯСЫ  
СЕРИЯ ФИЛОЛОГИЧЕСКАЯ

**2 (174)**

НАУРЫЗ – СӘУІР 2009  
МАРТ – АПРЕЛЬ 2009

1974 ЖЫЛҒЫ ҚАҢТАРДАН БЕРІ ШЫҒАДЫ  
БІР ЖЫЛДА 6 РЕТ ЖАРЫҚ КӨРЕДІ

ИЗДАЕТСЯ С ЯНВАРЯ 1974 ГОДА  
ВЫХОДИТ 6 РАЗ В ГОД

ҚАЗАҚСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ҰЛТТЫҚ КІТАПХАНАСЫ

АЛМАТЫ  
НАН РК

## «ӨЛШЕМ» КОНЦЕПТИСІНЕ ҚАТЫСТЫ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕР

Қолөнер бұйымдары күнделікті тұрмыста әртүрлі мақсатқа пайдаланылып, соған орай олардың атқарған қызметі де кеңейіп, адам санасында ол ұғымдардың мәнді белгілері айқындала түсуінің нәтижесінде көптеген ұзындық өлшем мәнді фразеологизмдер пайда болған. Басқаша айтқанда, тұрмыстық, шаруашылық бұйымдары, еңбек құралдары өздерінің

негізгі міндетінен басқа қосалқы қызмет те атқарған.

Айталық мал шаруашылығында қолданылған арқан, тұсау, қамшы, құрық, әскери өнерге қатысты оқ, найза, балта т.б. аталатын заттар өлшеу қызметінде де кеңінен пайдаланылған. Осыған байланысты тілімізде арқан бойы, тұсау бойы, қамшы бойы, найза бойы, оқ бойы, балта

сабы сияқты өлшем мәнді фразеологизмдер қалыптасқан.

Зерттеушілер ұзындық өлшемін кеңістіктегі өлшеу түріне қарай көлденең бағыттағы ұзындық және тік бағыттағы ұзындық деп қарастырады. Бұл жөнінде зерттеуші К. Қ. Күркебаев былай деп жазады: «Кеңістіктегі кез келген алаңнан нүкте белгілеп, қай жаққа болса да көлденең және тік бағыттағы ұзындықта екі сызық жүргізуге болады. Бұл екі сызық бір-бірімен перпендикуляр түрінде қиылысады. Адам санасында бейнеленетін кеңістік пен материалдық дененің әр уақытта көлденең және тік (биіктік) бағытын осындай ұзындық өлшемі арқылы анықтай аламыз. Қазақ халқының ментальдық танымын көрсететін **арқан бойы, құрық бойы, найза бойы, қамшы бойы, тұсау бойы** сияқты өлшем бірліктерінің әрі көлденең бағыттағы ұзындықты, әрі тік бағыттағы ұзындықты білдіруі осымен байланысты болса керек» [1, 27].

Жоғарыда келтірілген **балта сабы** фразалық тіркестен басқалары құрылымдық тұрғыдан қарастырылғанда «зат» мағынасындағы құрал-сайман атаулары мен **бойы** көмекші есімінің тіркесі арқылы жасалғанын көреміз. Фразалық тіркес құрамындағы **бойы** көмекші есімі жөнінде профессор М. Балақаев: «**Бойы** және **бойынша** демеулігінің (послелоги) жасалуы **бой** (рост, стан) түбіріне **-ы, -ын+ша** қосымшаларының біте сіңісіп кетуінен жасалған. Олардың мағыналары сан алуан. Осыған орай, **арқан бойы, найза бойы, қамшы бойы, құрық бойы** т.б. тіркестері етістіктің сөз тіркестерінің құрамында ұзындық өлшеміне жуық мағыналарды білдіреді. Мысалы **оқ бойы озын шықты, құрық бойы алда келеді**», — деген пікір айтады [2, 181].

Зерттеушінің өлшемдік мәнге ие болып тұрған бұл тіркес жөніндегі «етістік сөздермен тіркескенде ғана өлшемдік мағына білдіреді» деген пікірі басқа зерттеушілер тарапынан да қолдау табады; оған дәлел ретінде бұл тіркестің көркем шығармалар мен ауызекі сөйлеу тілінде есім сөздермен тіркесіп қолданылатындығы ұшыраспайды деп көрсетеді [1, 27]. Біздің ойымызша, **арқан бойы, қамшы бойы** сияқты тіркестер есімді сөз тіркестерінің құрамында да қолданылып, ұзындық, биіктік өлшемі мағынасында жұмсала алады. Мысалы, **арқан бойы жер, арқан бойы барып қонды** дегенде, мұның алдыңғысы есімді сөз тіркесіне, кейінгісі етістікті сөз тіркесіне

жатады. — **Арқан бойы жер көрінбейді, ұйтқып соққан жел қарды суырып, бет қаратпайды** (Ж. Дүйсекеев, Гүлденген өңір). **Арқан бойы жердің тұсау бойы төтелігі бар** (мақал). Синтаксистік жағынан алғанда бұл сөйлемдерде жер (орын) туралы және оның қандай жер екендігі жөнінде айтылып тұрғандықтан, не? — жер, қандай немесе қанша жер? — арқан бойы деп талдауға болатын сияқты.

«Қазақ әдеби тілінің сөздігінде» **арқан бойы** тұрақты тіркесіне «бір шумақ арқанның ұзындығындай қашықтықты білдіретін халықтық өлшем» деген анықтама беріледі [3, 619]. Сонымен бірге бұл тіркес биіктік өлшемі ретінде де қолданылады. Қазақ тілінің, оның ішінде қолөнер лексикасының негізінде қалыптасқан фразеологизмдерге қатысты материалдар тік бағыттағы өлшем, биіктік өлшемі ретінде де қолданыста болғанын көрсетеді. «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігінде» **арқан бойы** тіркесінің көлденең бағыттағы мағынасымен бірге тік бағыттағы (биіктік) өлшемдік мағынасы да көрсетіліп, мынадай мысалдар келтірілген: «*Жұмысшылар ет жеп болған кезде, жартыланып туган ай арқан бойы көтерілген еді* (С. С.) *Күн арқан бойы ғана көтеріліп қалған кез еді* (Л. Ж.)» [4, 47] Он томдық «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» күннің сәл ғана жоғары көтерілуін күн **арқан бойы** көтерілді деп беріледі [5, 329].

Тік бағыттағы (биіктік) өлшем ертеде уақыт ұғымымен тығыз байланысты болған. Қазақтың этникалық мәдениетін зерттеушілердің пікірінен қойсақ, Еуразияның ұлы даласында көшпелі өмір салтқа бейімделіп, оны өмір сүрудің негізгі арқауы ету үшін ең алдымен уақыт пен кеңістікке қатысты таным-түсінік қалыптасса керек. Онсыз көшпелілердің өмір сүру үшін жасаған барша әрекет-тірлігі қайда барарын білмей тұрып жолға шыққан жолаушыға ұқсаған болар еді. Өзі мекен еткен кеңістіктің барша қадір-қасиетін танып-білу, сол кеңістіктегі құбылыстарды уақытпен шендестіре зерделеуге машықтану Еуразия көшпелілері үшін өмір сүрудің кепілі болған.

Содан да болар, көшпелі қазақ уақыт пен кеңістікті бір-бірінен ажыратпай, тұтастықта танып-түсінуді дәстүр еткен. Яғни, уақытқа қатысты құбылыстарды кеңістік аясында, кеңістікке қатысты құбылыстарды уақыт аясында парықтап отыру машығы айқын байқалады. Мәселен, қазақ тіліндегі «**ұзақ**» деген сөз уақыт пен кеңіс-

тікке бірдей қатысты. Бұған «ұзақ жол», «жол ұзату», «уақытты ұзату» т.б. сияқты тұрақты тіркестер дәлел болады [6, 195-196].

Қолөнеріне байланысты қалыптасқан **арқан бойы**, **найза бойы**, **тұсау бойы** секілді фразеологизмдер өрі ұзындықты, өрі қашықтықты, өрі биіктікті, өрі уақытты да білдірген. Басқаша айтқанда, биіктік пен уақытты шендестіріп, байланыстыра қараған. Бұл фразалық тіркестер кеңістік ұғымына қатысты **арқан бойындай** (бойымен бірдей) ұзындық, **найза бойындай** (бойымен бірдей) ұзындық, **тұсау бойындай** (бойымен бірдей) ұзындық дегенді білдіреді. Тіпті осылай жұмсала отырып, тілдің даму барысында сөйлеу процесінің үнемдеу заңдылығы негізінде эллипсистеніп, **арқан бойы**, **найза бойы**, **тұсау бойы**, **қамшы бойы** түрінде ықшамдалып өзгерген болуы мүмкін деп санаудың қисыны жоқ емес [1, 29]. **Арқан** сөзінің қатысымен жасалған фразеологизм ұзындықты білдіруден гөрі **күн арқан бойы көтерілді** деген сияқты уақыт өлшемі мағынасында жиі ұшырасатындығы байқалады. Осыған байланысты Ғ. Ақпанбектің пікіріне назар аударып көрелік: «Күн тұсау бойы, шідер бойы, арқан бойы көтерілді өлшемдері шаңырақтан түскен күн сәулесінің жүрген жолынан көрінеді, уық санымен есептеледі. Басқаша айтсақ, уақытты 1–5 минутқа дейін дәлдікпен өлшейтін күн сағаты. Мысалы, үйдің уық саны – 72. Әрбір екі уықтың арасы 5 градусқа тең ( $360:72=5$ ). Шамамен күн сәулесі екі уықтың арасын 20, үш уықтың арасын 40 минутте жүріп өтеді немесе бие сауым уақыт», – деп жазады [7, 23].

Қазақ тілінде өлшем ұғымында тек **арқан бойы** фразеологизмі емес, арқанның түрлері де қолданылған. Ол туралы зерттеуші Б.Қинаятұлы ұлттық тілімізде **қом арқан бойы** (6-8 метр), **тартпа арқан бойы** тәрізді нақты ұзындық өлшем түрлері болғанын жазады [8, 9-11].

**Арқан бойы** фразеологизмінің нақты қаншалықты ұзындық, биіктік өлшемін білдіретіні жөніндегі пікірлерде бірізділік жоқ. Дегенмен кейбір зерттеушілер бұл тіркес мағынасын 1) 4–5 метр шамасы; 2) таңертенгі сағат 11, кешкі 5 деп көрсетеді [9, 3]. Аталған тіркестің өлшемдік межесін нақты атаудың қиын болғандығының өзіндік себептері бар. Атап айтқанда, арқанның бір түрі малды арқандауға (**ат арқан**), енді бірі асау жылқыны ұстауға (**бұғалық арқан** – ұзын-

дығы 12–15 метрлік арқан), тағы бірі киіз үйді сыртынан тартып байлауға (**басқұр арқан** – бес, алты қанатты үйлер үшін 22–26 метр шамасындағы арқан), қайсыбірі қойды қосақтауға (**қосақ арқан**) т.б. арналып есіледі, соған орай олардың өлшемдері де өртүрлі болады [10, 73-81]. Қалай болғанда да арқанның өлшеу құралы ретінде жұмсалуды – оның тұрмыста атқарған көп қызметінің бірі ғана. Өйткені оны көшіп қонуға да (**қом арқан**, **тарту арқан**, **қоспақ арқан**), қанжығаға байлап алып жүруге (**жан арқан**, **өрме қайыс арқан**), той-томалақ кезінде ат байлауға (**керме арқан**), мал, құлын байлауға (**желі арқан**) т.б. мақсаттарға пайдаланған.

Өткен тұрмыста **арқан бойы** тіркесі кеңістіктің тік және көлденең өлшемінің ұзындығы мағынасында кеңінен жұмсалып, өз қызметін өз заманына сай жеткілікті атқарғандығы күмәнсіз. Аталып отырған тіркес қазіргі тілімізде көркем шығармаларда ұшырасып, күнделікті ауызекі сөйлеу тілінде сирек қолданылатын болып, оның орнына метр, сағат сияқты нақты өлшем бірліктері қолданылатын болды. Оның өз уақытында өлшем бірлігі болғаны мақал-мәтелдерде сақталып қалды. Мысалы: **Ақымақтан арқан бойы алыс жүр**, **Тұрлаусыздан тұсау бойы алыс жүр**. **Арқан бойы жердің тұсау бойы төтелігі бар**.

Көшпелі тұрмыста сан түрлі қызмет атқарған арқан туралы ата-бабамыздың таным-түсінігі ырымдар мен тыйымдарда, салт-дәстүрде сақталып, бүгінгі ұрпаққа тілдік деректер арқылы жетіп отыр.

«Отыз-қырық сантиметрдей, аз ғана қашықтық» ұғымындағы тұсау бойы фразалық тіркесін [11, 290] бүгінде көркем шығармалар тілінен ұшырастырамыз: – *Айтмұқан отармен күн ұясына қонуга тұсау бойы қалғанда ауылға қарай беттеді* (Ш. Дәрмағанбетов, Менің замандастарым). Бұл да **арқан бойы** тұрақты тіркесі сияқты уақытқа байланысты қолданылып, күннің кешкіруге айналғанын білдіреді. Қазақ тіліндегі осы тіркеске ұқсас тіркес моңғол тілінде де бар: **Туша турш** [12, 315].

Тұсаудың тұрмыста атқарған қызметіне байланысты ұжымның санасында жаңа ұғымдар пайда болған. Өйткені «Дағдылы қайталану, образға үлгі ретіндегі бейнелердің ситуациядағы орны мен маңызы оның санада баламалық қасиетке, яғни ассоциациялауға әкеледі» [13, 162].

Халық танымындағы тұсаудың қызметі аттың алдыңғы екі аяғын байлап қоюға байланысты

туғандығы белгілі. Тұсаудың осы қызметіне орай оның осы «шектеу, тежеу» белгісін басқа заттарға байланыстыра тенеу, бейнелеу, ұқсастыру барысында жаңа ұғым-түсініктер қалыптасты. Солардың бірі ретінде **тұсау кесер** ырым-жоралғысын айтуға болады. Бала қаз тұрып, аяғын апыл-тапыл басып, жығылып-тұрып жүре бастаған кезде тез жүріп кетсін деген ниетпен тұсау кесер ырымын жасайды. Ол үшін аттың аяғын тұсаған сияқты етіп, баланың аяғына ала жіп байлап (яғни тұсап), оны аяғын жылдам басатын әйелге қидырады. Тұсау ретінде ала жіп байлау «біреудің ала жібін аттамасын», «адал болсын» деген ұғымға байланысты шыққан. Ырым етіп жайбасар адамға баланың тұсауын кестірмеген. Тұсауды кескеннен кейін бала да тұсауынан босатылған, еркіндікке шыққан ат сияқты тез жүріп кетеді деген түсінік болған. Оны тұсауы кесілген баланың қолынан ұстап, ары-бері жылдам жүргізіп, жүгірту әрекетінен байқауға болады. Бұл салтты өткізу барысында балаға тілек ретінде арнаулы өлең айту, тұсау кесушіге кәдесін беру, келгендерге дәм татқызу рәсімдері орындалады. Ал қазіргі күнде **тұсау кесердің** мазмұн межесі кени түсті. Айталық, қандай да бір жаңа бастамаға, мекемеге, қор ашылғанда жасалатын дәстүр де **тұсау кесер** аталып, жаңа мазмұнға ие болады. Мұның өзі қоғамдағы өзгерістерге байланысты сөз мағынасының дами түсетіндігінің айғағы болып табылады.

Арқан сияқты қамшының да тұрмыста сан алуан қызмет атқарғандығы этнографиялық деректерден белгілі. Қамшы ат жүргізетін, бақсының ауру адамның бойынан жын-шайтандарын қуатын, науқасты емдейтін, дау-шар кезінде сөз сұрау ишарасын білдіретін, дүре соғатын, кейбір заттарды өлшейтін құрал болған. Осыған орай **қамшы** аталған бұйымға байланысты қалыптасқан ұғым-түсініктер мен аталымдар аз емес. Ол жөнінде зерттеуші Н. Уәлиев қамшы сөзінен өрбіген сөздер мен сөз тіркестерінің саны М. Әуезов шығармаларында 376 екенін көрсете келіп: «Осы сөздің тілдегі мағыналық аясы мен өрісіне назар аударсақ, бір ғана атаудың өзінде қаншалықты мәдени, ұлттық мазмұн жатқанын, этностың материалдық, рухани мәдениетінде алатын орнын айқын аңғаруға болады», — деп жазады [14, 31-34].

Халық тілінде ұзындық, арақашықтық өлшемдерін білдіру үшін **қамшы салым жер, қамшы бойы** тіркестері қолданылған. «Қазақ тілінің

түсіндірме сөздігінде» **қамшы бойы** тіркесіне «қамшының сабы мен өрімінің ұзындығы» деген анықтама беріледі [15, 618].

Ұзындық межесін анықтауда қолданылған қамшы бойы тіркесі арқан бойы, найза бойы сияқты фразеологизмдермен салыстырғанда қысқалау өлшемдік мөлшерді аңғартады. Айта кету керек, қамшы өрімінің ұзындығы қамшы иесінің тұтамына лайық болғаны дұрыс деп саналған. Зерттеуші Н. Уәлиевтің көрсетуінше, өрімшілер тілінде айтылатын мынадай сөз осындай ерекшелікке байланысты сияқты.

- Ассалаумағалейкум! (1-тұтам)
- Әліксалам! (2-тұтам)
- Жол болсын! (3-тұтам)
- Әлей болсын! (4-тұтам)
- Қайда барасың? (5-тұтам)
- Тобылғы сайға барамын (6-тұтам)
- Оған неге барасың? (7-тұтам)
- Қамшы сапқа барамын (8-тұтам).

Мұндағы сегіз ауыз сөз сегіз тұтамды көрсетіп тұр. Яғни сегіз тұтам — өрімшілердің ортақ өлшемі [14, 31-34]

Кеңістіктегі көлденең және тік ұзындық өлшемін білдіруге қолданылған қамшының ертеде уақытқа байланысты ұғымды да білдіргенін **қамшының сабындай келте ғұмыр, қамшы саптай қысқа** тәрізді тілдік имплициттердің бойынан аңғарамыз: — **Қысқа ғой қамшы саптай қыз көктемі** (Қоңыров Т. Қазақ тілінің тұрақты тенеулер сөздігі. Алматы: Ғылым, 1990. 243-б.).

Қазақ тұрмысында қамшы өлшеу құралы қызметін атқарумен бірге материалдық және рухани мәдениеттен мол мағлұмат бере алатын этномәдени бұйым-құралдың бірі болған. Бұл орайда қамшыға қатысты кейбір ырым-жоралғылардың кейбіреуін келтіріп көрмекпіз. Мәселен, қамшыны ұстап төрге шығуға болмайды, өйткені бұлай еткенде ағайын арасында араздық, дау-дамай туады деп жорамалдаған.

Қамшының түрлі белгі, символ қызметін атқарғандығын мынадай деректен кездестіреміз: «**Қамшы тастасаң, дауға оқталғаның. Қамшымен нұқысаң, зәбір көрсеткенің. Қамшыны қонышқа тықсаң, сабаласамын дегенің. «Ат мінгіземін» дегенің — ауыз байлық. Қамшыны қоса беру — екі айтылмас ант. Қара танымаған қазақ белгіге қамшыны жолдаған»** (Әлімқұлов Т. Кертолғау. Алматы, 1988. 133-б.).

Қамшы сәндік бұйым ретінде де қазақ мәдениетінде өз ізін қалдырған. «Мәселен, үкілі қамшы, қоңыраулы қамшы, күміс (сапты) қамшы, жезді қамшы, бауырдақты қамшы, сары ала қамшы, алтынды қамшылар — сән-салтанат құрудың белгісі болып табылады: *Дүрия бешпент белсеніп, Бұл дүниені кең салып, Алтынды-ай қамшы қолға алып, Абжыландай толғанып, Бұралып кетіп барады* (Қыз Жібек. 1963. 62-б.)» [16, 196].

Аншылар қамшыны қасқыр соғатын қару ретінде жұмсаған. Соған орай қасқырға «қырық сегіз өрім таспа қамшыдан артық қару жоқ» деген ұғым-түсінік орын алған.

Қысқасы, қамшы өткен тұрмыстан мол дерек беретін көп қызметті құралдың бірі болған.

Ұзындық өлшемді білдіру қызметінде қолданылған фразеологизмдерге **оқ бойы, оқ атым жер, оқ жетер жер** тұрақты тіркестері жатады. Бұл фразеологизмдер «өте жақын, тым таяу жер», «оқ жетер қашықтық», «садақ, мылтық оғының тік ұшып барар шамасы» дегенді білдіреді [4, 414].

Кеңістіктегі көлденең және тік ұзындықты анықтауға қолданылатын құралдың бірі ретінде найза пайдаланылған. Найза ер қаруы — бес қарудың біріне жатады. **Найза** атауының этномәдени семантикасы әскери өнер лексикасымен тығыз байланысты. Қазақ мақал-мәтелдері мен батырлар жырында, тарихи жырларда найзаға байланысты сипаттамалар мол сақталған. Сонымен бірге қазақ тілінде найзаға байланысты фразеологизмдер де молынан ұшырасады. Қазақ батырлары мен жауынгерлері ел мен жерді **ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен** қорғаған. Найза — әскери қарудың бірі болуымен бірге өлшеу қызметін атқарған құралдардың бірі.

**Найза бойы** тіркесіне қазақ тілінің сөздіктерінде «найза ұзындығымен шамалас келетін халықтық өлшем» [17, 310], «биіктік, терендік, ұзындық, қалыңдық өлшемі ретінде қолданылады» [4, 402] деген анықтамалар беріледі. Өнертанушы, байырғы қазақ әскери өнері туралы еңбек жазған Қ.С.Ахметжанов найзаның жақын қашықтықта, бетпе-бет айкаста жауды түйреуге арналған қару екендігін айта келіп, оның ұзындығы 1,5-2 метр шамасында болатынын, ертеде түркі халықтарында лақтыруға арналған қысқа найзалар да болғандығы туралы жазады [18, 67].

Қолөнер лексикасының материалдары найзаның ұзындық, қалыңдық, биіктік, терендік өлшемі ретінде, сонымен бірге уақыт өлшемі ретінде

қолданылғанын көрсетеді. Мысалы, мынадай мысалдарда оның биіктік өлшемі ретінде жұмсалғаны аңғарылады: **Найза бойы қар жауса, жұтмайды сауысқан. Қанды көйлек кесе де, қиыспайды туысқан. Найза бойы жар кеме үстінен аттап кетеді** (Қобыланды батыр). Ал төмендегі мысалда **найза бойы** тіркесі уақыт өлшемі қызметінде қолданылған: — **Таң атып, күн найза бойы көтерілді** [17, 310]. Зерттеуші Р. Иманалиева уақыт өлшеміндегі бұл тіркестің мағынасын таңертеңгі сағат жеті деп көрсетеді [9, 20].

Халық танымында **найза** этномәдени мазмұнға бай сөздердің қатарына жатады. Халықтың күнделікті тәжірибесінде өзіне таныс болған найзаның пішіні, көлемі, ұзындығы сияқты қасиеттерінің екінші бір нысан белгісімен салыстыру, ұқсату, теңеу нәтижесінде жаңа ұғымды білдіретін **найза бойы** бейнелі сөз тіркесі қалыптасқан. Халық танымына сәйкес оның түрлі белгі-қасиеттеріне байланысты мақал-мәтелдер, фразеологизмдер қалыптасса, ол жөніндегі ұғым-түсініктер ырым-жоралғыларға көрініс табады. Бұрынғы қазақ салтында «Киіз есікті үйдің үстіне қарай лақтыруға болмайды, әйтпеген жағдайда оны жауласқан адам найзасымен ашып кіреді, яғни жауласқан адам бұл ырым-жоралысын орындамаған үй қожасын жөніп кетеді. Жеңімпаздың бірінші парызы жеңілушінің үйіне келіп, киіз үй есігін найзаның ұшымен ашу болған; осы әрекеттен соң барлық мал-мүлік, тіпті әйел мен қызына дейін өз қалауымен пайдаланылатын жеңімпаздың меншігіне айналған» [19, 170] Тіліміздегі **ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен** фразасы осындай жағдайға байланысты қалыптасып, жаугершілік кезіндегі салт-дәстүрден ақпарат береді. Нақтылай атсақ, бұл фразеологизм басым күшті, жеңімпаздықты бейнелейді.

Қорыта айтқанда, кеңістіктегі көлденең және тік ұзындықпен бірге уақыт өлшемін білдіретін **арқан бойы, қамшы бойы, тұсау бойы, найза бойы** т.б. фразеологиялық бірліктердің жасалуы мен қалыптасуында қазақ халқының байырғы тұрмыс-тіршілігінде қолданылған құрал-саймандар мен қару-жарақтардың, мал шаруашылығы бұйымдарының құрылымдық-пішіндік, бейнелік үлгілері негіз болған. Мұндай бейнелі өлшем бірліктері ұғымында қолданылған қолөнеріне байланысты қалыптасқан фразеологизмдердің материалдық және рухани мәдениеттен мол дерек беретін этнотанымдық маңызы зор.

## ӘДЕБИЕТ

1. Күркебаев К.К. Қазақ тіліндегі өлшемдік атаулардың этнолингвистикалық сипаты (ұзындық, арақшықтық, салмақ-көлем өлшемдері негізінде): Филол. ғыл. канд. ... дис. Алматы, 2003.
2. Балақаев М. Қазақ әдеби тілі. Алматы: Ғылым, 1984.
3. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Алматы: Арыс, 2006. 1-т.
4. Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. Алматы: Ғылым, 1977.
5. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Алматы: Ғылым, 1974. 1-т.
6. Сейдімбеков А. Қазақ өлемі. Этномәдени пайымдау. Алматы: Санат, 1997.
7. Ақпанбек Ф. Қазақтардың дүниетанымы. Алматы: Қазақ университеті, 1993.
8. Қинаятұлы Б. Қазақ халқының дәстүрлі өлшемдері // Ана тілі. 1995. №4.
9. Иманалиева Р. Этнолингвистические вопросы изучения средств выражения пространственной ориентации в казахском языке: Дис. ... канд. филол. наук. Алматы, 1988.
10. Ысқаққызы Ә. Сырмақ өнері. Алматы: Алматы кітап, 2007.

11. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Алматы: Ғылым, 1986. 9-т.
12. Базылхан Б. Қазақша-моңғолша сөздік. Ұланбатыр, 1984.
13. Смағұлова Г. Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері. Алматы: Ғылым, 1988.
14. Уәлиев Н. Кейбір этнографизмдердің лексика-семантикалық аясы // Ұлт тағлымы. 2000. №1.
15. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Алматы: Ғылым, 1980. 5-т.
16. Шойбеков Р.Н. Қазақ тілінің қолөнер лексикасы: Филол. ғыл. докт. ... дис. Алматы, 2006.
17. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Алматы: Ғылым, 1983. 7-т.
18. Ахметжанов Қ.С. Жараған темір кигендер (батырлардың қару-жарағы, әскери өнері, салт-дәстүрі). Алматы: Дәуір, 1996.
19. Диваев Ә. Тарту. Алматы: Ана тілі, 1992.

## Резюме

Рассматриваются фразеологизмы, относящиеся к языковому репрезентантам концепта «РАЗМЕР».

Б. Ж. САҒИЕВА

## ҚУДАШ АҚЫН ЛИРИКАСЫНДАҒЫ ТОСЫН ОЙЛАР, ТЫҢ СЕРПІНДЕР

Әдебиеттану ғылымындағы айтылып жатқан ой-тұжырымдар әр кезеңде өмір кешкен қаламгерлердің өзіндік палитрасын, ішкі психологиясын ашып, кең өріс беріп жатқанының куәсі болып отырмыз. Айталық көркем әдебиеттің бейнелеу объектісі адам десек, мұның лирикаға да қатысы бар. Эпостық қаһарманды лирикалық қаһарманмен бір қоюға болмайды. Лирикалық қаһарман сезім толғанысы эпостағыдай кең бейнеленбейді. Лирикада сезім де, тартыс та, өсу жолы да болады, тек ол эпостағыдай кең емес, өзіндік ерекшелігі мол екені бесенеден белгілі жайт.

«Қазақ поэзиясының кешегісі мен бүгінгісін шола қарасақ, лирикалық қаһарман жасаудағы кең ізденістер мен жетістіктердің куәсі боламыз...

... Қасым Аманжоловтың сүйсе құлай берілегін, жек көрсе бойын ала қашатын отты да адал, батыл да жарқын «менін», Тәжібаевтің күнделікті қарапайым оқиғалардан да үлкен ой білетін сыршыл да, сезімтал «менін» көрдік...

... Алдымен, біздің көп ақындарда өзіндік арна, өмірді өз көзімен көре білу басқаға ұқсамай, өзінше сезіне білу жетіспейді» [1, 7], – деген Қуандық Мәшһүр-Жүсіповтің пікірі кейінгіге айтар ой-пікірімізге жақын келетін сияқты. Енді дауыл турасында жазылған өлеңдерге мән берейік:

## Ғали Орманов:

Боран соқса дүрілдеп,  
Жер тар бала байғұста ...  
Торғайлар да дірілдеп,  
Қонақтайды қуыста [16, 84], – десе,

## Қасым Аманжоловта:

Дауыл! Дауыл! Дегенге,  
Шықтық үйден дүркіреп,  
Аспан тұрды төбемде,  
Аласұрып, күркіреп [18, 26].

## Ал Құдаш Мұқашев:

«Шөлі қанып таза құм,  
Тершіп жатыр тас-тағы  
Дауыл жанның тозаңын  
Қағып -сілкіп тастады.